

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО

Ә.Қ. Бердібаева

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ҚАТЫНАСТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН КЕЛІСІМ – ШАРТТАР

Неке және отбасы қатынастары жүйесіндегі келісім-шарттардың негізгі түрлерінің қатарына: айттыру, құдаласу, құйрық бауыр жеу, қалың мал шартын және т.б жатқызамыз. Көп жағдайда осы қатынастар әдет құқық нормаларының реттелу аясынан шығып, жалпы әдет сипатындағы тиым ережелерімен қабысып кетіп жатады. Мәселенің осы қыры мұндағы келісім-шарт қатынастарының түрлерін жіктеп көрсетуде көптеген қиындықтар тудыратын.

Неке шарты отбасы қатынастар жүйесіндегі басты келісімнің құқықтық мәнін құрайды. Неке шартын жасау белгілі дәрежеде құқықтық салдар тудырады. Неке шартының арқасында құдалық жүзеге асып, құдалықтың кәделері: қалың мал беріліп, құйрық бауыр асасу, айттыру, жасауын беру жүргізіледі. Бұл неке шартының негізінде туындайтын, былайша айтқанда үлкен құқықтық салдары бар құда кәдесінің көріністері болып табылады. Жоғарыдағы айтылғандардың барлығының неке шартын жүзеге асыруда үлкен орны бар. Олардың әрқайсысы жеке келісімді құрай отыра, белгілі құқықтық фактілердің қызметін атқарады. Неке шартының жасалу тәртібі мен оның жүзеге асу тетіктеріне келетін болсақ, әр түрлі пікірлерді ұшыратстыруға болады. Солардың ішіндегі толымдысы да, қазақ әдет құқығын жинап, зерделеген П. Маковецкийдің пікірі болып табылады. Ол былай дейді: “Ертеректе хан Тәукенің тұсында еркек 15, әйел 16 жасында некелесуге ерікті екен. Әйелдің тұрмысқа жасы жетіп шығуын ел ағалары текке көздемесе керек, үйдің ішкі, сыртқы тіршілігінің бар тауқыметін тартатын әйел затының еркектен гөрі естірек, төзімдірек болуы өмірдің қажеттілігі еді. Бергін келе бұл заң күшін жойып, қазақтардың некелесуіне жас жағынан шек қойылмайтын болды.

Осы некеге қатысты ежелден келе жатқан, қазір де сақталатын бір шарттың барын айта кеткен жөн. Қазақта 7 атадан қосылатын туыстардың некелесуіне тиым салынған. Өгей шешеге, асыранды қызға, келінге, енеге үйленуге болмайды. Сондай-ақ, әйелінің көзі тірісінде еркек балдызынына, қайын бикесіне, қайынағасының қызына үйлене алмайды. Бөле, немере ағайындарының некелесуіне тыйым жоқ. Неке ісінде барлық мәселені ата – ана мен ру басылары шешеді, күйеу жігіт пен қалыңдық тек солардың айтықанына құлақ асуға тиіс; көп жағдайда қыз бен жігітті бесікте жатқанда атастырып қояды. Қазақтардың құдаласу рәсімі өте күрделі, ол кейде 10 жыл немесе одан да көп уақытқа дейін созылуы мүмкін.

Ең әуелі қыз бен жігіттің әке-шешесі құдаласуға келісіп, қалың мал жөнінде сөйлеседі, жігіт әкесі осы келісімнің белгісі ретінде қызға үкі тағады. Егер қыз әкесі келісімді бұзса, үкіні қайтарып қана қоймай айып төлейді, ал келісімді жігіт жағы бұзса, үкі қайтарылмайды. Бұл келісімнен кейін заңды құдаласу басталады” [1, 4б.]. Көрсетілген шаралар жүзеге асырылғаннан кейін, неке келісімінің тағы бір кезеңі немесе жеке тағы бір келісім-шарт құдаласу жүзеге асады. Осы құдаласудың отбасы жүйесіндегі келісім-шарт түріндегі маңызы және мәні өте жоғары. Құдаласу екі жақтың келісімімен жүзеге асырылады. Құдаласу неке шартын одан әрі нақтылай түсудің бір көрінісі. Бұл жағдайда құдалардың арасындағы өзара міндеттік қатынастар былай жүргізіледі: “Құдалар еш уақытта қалыңдықтың ауылына тура барып түспейді, әуелі көрші аулаға тоқтап, сол жерден қыз ауылына хабаршы жібереді. Қыз әкесі дереу туған-туыс, жекжаттарын жинап, бірнеше жерден үй тігіп, құда күтіп алуға әзірлене бастайды, хабаршыдан құдалардың қай күні келіп түскені жөн екенін айтады. Уағдалы күні құдалар қыз әкесіне келіп, ағайын-туғанның төрт көзі түген отырғанынды бұйымтайларын айтады. Қыз әкесі келіссе, қой сойылып, бата оқылады. Содан кейін құда түсер тойы басталады. Тойдың ауқымы қыз жағының әл-ауқатына байланысты, ол бір күнде бітуі немесе бірнеше күнге созылуы мүмкін” [1, 8б.]. Осыдан кейін барып қана, яғни құдаларын аттандырып салған соң қыз әкесі күйеу жігіттің ауылына қалың мал алуға барады, олардың келдер күнін енді жігіт әкесі белгілейді. Межелі күн қалыңдықтың әкесі жігіттің ауылына адамдарын аттандырады не оларды өзі бастап апарды. Бұл жерде жеке қыз ауылындағы рәсімдер айнымай қайталанады. Құда күту тойының соңында қалың мал қыз әкесіне тамам жұрттың алдында түгенделіп беріледі, кейде жігіт әкесі қалың малды біртіндеп төлеуге рұқсат сұрайды. Қалың малдың ауыртпалығы тек жігіт әкесіне ғана емес,

құдалыққа бірге барған ағайын-туыстарға да түседі. Ең бағалы киіт алған адам қалың малға да ең қомақты үлес қосуы керек [1, 96.].

Құйрық бауыр жесу неке шартының заңи айғағы болып табылады. Құдаласуға байланысты дау туған кезде, көбінесе билер құйрық бауыр жеген-жемегендерін сұрайды. Бұл соттық дәлелдеменің де қызметін атқарады. Көріп отырғанымыздай, неке және отбасы жүйесінің көптеген институттары әмбебаптық сипатта болып келеді. Құйрық бауыр мәселесіне байланысты қазақ әдет құқығының неке және отбасы институттарын зерттеген ғалымдардың бірі, Н.Н. Өсеров былай дейді: “Құда түсіп, сөз байланысқаннан кейін екі арада құқықтық міндеттер де жүзеге шығады. “Қалыңмал”, жасау институттарын айтпағанның өзінде, қанша әдет-ғұрыптық салт – дәстүрлер, кәде-қауметтер бар. Бұлардың бәрі екі арадағы желісті үзбей, қайта ширата түсетін дәстүрлер. Бұл дәстүрлердің құқықтық мәндері де бар.

Екі жақ “құйрық бауыр” жеп, “баталасқаннан” соң күшіне енеді. Бірақ. Осы дәстүр-салттардың негізгі объектілері қыз бен жігіттің бас қосқанда бақытты болып, ұрпақ өсіру басты нысанға алынады. Сондықтан да, олардың келісімі, жас шамасы алшақ болмауы, ақыл-есінің бүтін болуы, денсаулығы жақсы болуы, 7 атаға дейін туыс болмауы көзде тұтылады. Егер де осы айтылғандарды біріне кереғар болса, онда құда түсіп, баталаспайды” [2, 136.]. Құйрық бауырдың ритуалдық сипатымен қатар, заңи мәні жоғары.

Неке шартын жүзеге асыру барысында құдалықтың бастауы болып табылатын атастыру, айттыру сияқты нысандарының маңызы бар. Бұл былайша айтқанда, неке шартын тудырудың құқықтық негіздері де болып табылады: “Аттастыру негізінде бір-бірімен етене жақын, достар, тамырлар, құда-жекжаттар арасында болатын әдет-ғұрып, бұл дәстүрдің басы салтанатты той-томалақпен көпішіліктің басы қосылған кезінде жарияланады. Болашақ жұбайлардың әке-шешелері бір-біріне ат мінгізіп, шапан, көйлек кигізу, сақина, білезік салумен, сөзбен шарт жасасып аяқталады. Ол атастырылған жас қыздың “қолбала” кезеңі. Бұл салттың қыз бала психологиясына құқына келешек келін болуға тәрбиелеудегі маңызы зор болған. Екі жақ бала мен қызының саналарына олардың аттастырылғанын айтып тәрбиелік жұмыс жүргізіп, әйелдің болашақ құқықтарының негізін қалыптастырған. Соның нәтижесінде қыз баланың болашақ қайын жұртына, болашақ күйеуіне деген бейімділігі құқықтары нақты түрде қалыптасады. Бұл көшпелілердің этникалық ерекшеліктерінің, ұлттық психологиясының өзіне тән бір көрінісі және әйел құқықтарын қалыптастыру болды” [3, 136.]. Ал екінші айтып отырған, “айттыру-көшпелі қоғамда әке-шеше тарапынан асырылатын іс-әрекет болды. Көшпелі қазақ қоғамында басы бос бой жеткен қызды кәрі-жас, бай-кедей, жақсы-жаман демей, қалаған адам айттыруға ерікті, хақылы болды. Көшпелі қоғамда қыз айттыру салт-дәстүрі нәтижелі және нәтижесіз жақтары да кездесіп отырған. Себебі, қыздың ата-анасы, жақын-туыстары ұзатылатын қыздың дәулетті, текті жерге баруын қалаған. Ата-ананың ақ батасын алмай ризалығынсыз қосылған қыз бен жігіт арасында үлкен дау туып отырған. Көшпелі қоғамда алып қашумен қосылған неке заңсыз деп танылып, қызды алып қашқан жігіт те, онымен бірге қашқан қыз да айыпты деп танылып, оларға ең алдында өлім жазасы кесілген. Мұны талай аңыз, ауыз әдебиеті дәлелдейді” [3, 136.].

Неке шартындағы тағы бір жеке уағдаласатын мәселе, яғни жеке келісімнің түрі қалыңмал төлеу шарасы болып табылады. Қалыңмал төлеу неке және отбасы қатынастар жүйесіндегі келісім-шарттың жеке бір жүзеге асырылатын нысаны болып табылады. Өткені, қалыңмалға байланысты оның төленген, төленбегеніне байланысты жеке-дара құқықтық қатынастар пайда болады. Қалыңмал дауы өз алдына дербес туатын дау болғандықтан, біз бұны бұл бағыттағы келісім-шарттың жеке бір бағыттың түрі деп айқындап отырмыз. Қалыңмал мәселесі қазақ әдет құқығы жүйесінде өте бір ерекше тәртіптелген болатын. Қалыңмалға байланысты әр түрлі көзқарастар жүйесі де қалыптасты. Қалыңмалдың мөлшері туралы айтатын болсақ, оны әр түрлі бағалайды. Мысалы, Д. Андре қалыңмалдың көлемін былай айқындайды: “Қалыңның көлемі де әркімнің қал –ауқатына байланысты. Кедей 5-6 қой тапқанына қуанса, байлар 200 жылқы, 500-1000 қойға дейін қалың береді.

Кіші жүздің ханы Нұралының 16-17 әйелі, оның сыртында 15 кәнізағы болған. Некелі, некесіз әйелдері оған 32 ұл, 33 -34 қыз туып берген.

Жас жігіттер бәрінен бастап әйелді тек ата-анасының қалауымен алады, ал қыздарының күйеу таңдауға еркі жоғы екі бастан белгілі жағдай. Құдаласуға әркім өз теңін іздейді. Бай-бағылдар бесікте жатқанда өзара атастырып қояды. Құдалықтың алғашқы шарты-қалың малдың көлемі мен төленер күні белгілеу. Қалың малдың барлық жайы келісіліп, құдалар қол алысып, төс соғыстырғаннан кейін молла куәлардың көзінше құдаладан: балларыңды қосуға ризасыңдар ма деп сұрап, құдалықты құранмен бектідей. Құдаласудың соңы құда күту тойына ұласады. Осыдан кейін біртіндеп, қалың малын төлеуге кіріседі, ал қалдындықтың әкесі қызының жасауын жабдықтауға бұйрық береді.

Қалың толық төленіп біткенше, той болады, әйткенмен күйеу қалыңдығымен оңаша отауда жүздесе алады, тек тән жақындығына бармауы керек” [4, 26б.]. Ал, жоғарыда айтып өткен П. Маковецкий болса, оны кең көлемде жеке-жеке талдай отыра, өзінің ойын былай білдіреді: “Қалың мал жайында таратып айтсақ, ол мынандай бөліктерден тұрады:

1. Бас жақсы-ең құнды, ең жақсы деген сөз. бұған күнделікті тұрмысқа аса қажетті төрт зат кіреді.

а) мерген мылтық; ә) барымта кезінде жаныңды сақтайтын сауыт; б) талай бәйгеде жүлде алған, қашсаң жауыңа жеткізбейтін, қусаң алысқа жібермейтін жүйрікат; г) сыртқы тұртқы келіскен, күші де мол түйе. Түрлі кезбелер мен бармташыларғакезігіп қалмас үшін жиі-жиі қоныс өзгертуге тура келедк, ал көші-қонға түйеден артық мал жоқ.

Бұл заттың әрқайсысының құны - 5 ірі қараға парапар, яки аталмыш құнды заттары жоқ адам жиырма бас ірі қаратөлеген, кейіннен осы жиырма ірі қара қалың малдың өлшеміне айналған. Бірақ бертін келе бас жақсының мәні өзгеріп, әлгі тқрт заттың орнына тұрмысқа керекті өзге дүниелер берілетін болған. Мәселен, Торғай уезіндебас жақсыға 3-12 дейін жылқы, немесе 100-300 дейін, тіпті 600- 1000 дейін күміс ақша береді.

2. Қара мал-қалың малдың негізгі бөлігі, оны қалыңдықтың құны десе де артық болмайды. Қара малды әркім шама-шарқынша қарай төлейді. Бір жиырмадан бастап, бес жиырмаға дейін беруге болады. Тіпті алты, жеті жиырмадан беретіндер бар, бірақ бұндайлар өте сирек кездеседі. Торғай облысының шығыс жағында бай адамдар қара малға бір қырық жетіден (47), орта ауқатты адамдар бір отыз жетіден (37) береді. Қырық жетінің құрамында жанама жақсысы, жеке ту биесі, төс аты, бір жастағы құлыны бар, барлдығы әр жастағы 33 бас мал болуға тиіс. Отыз жетіде осы құрамдас 26 бас болады.

3. Ілу-күйеу жігіт қалыңдығына алғаш ұрын барған кезде төленетін төлем, 30-80 жылқыға дейін барады, қара малды көп төлейтін. Орал облысы мен Торғай облысының кейбір жерлерінде ілу 10 түйеден аспайды.

4. Той мал-қыздың ұзатылу тойына әкелетін мал. Той малдың қарасы қалыңдықтың жасауы мен еншісінің көлеміне байланысты. Қалыңдықтың әкесі қызына қандай енші беретін күйеу жігітке алдын-ала айтып қояды. Той мал әдетте 20-70 жылқының аралығында болады. Бұнымен қосы күйеу жігіт киіз үйдің шаңырағына, түндігіне жетерлік киіз әкелуі керек, іргесін қалыңдық жағы жабдықтайды.

5. Сүт ақы-қалыңдықтың анасының сүт ақысы. Ол шамамен 1-7 түйенің аралығында болады.

Жігіт түйе-жігіттің өз тарапынан берілетін төлем, ол 2 түйеден аспайды. Ең соңында қыз жағы күйеу жігіттің ең қымбат шапаны мен ер-тұрманын алдып қалап алады” [1, 16-17 бб.]. Бұл жерде қалыңмалмен қатар, қалыңмалдың құрамына кіретін оның бөлімдерінің барлығы көрініс тапқан. Тағы да бір орыс жазбаларында қалыңмалдың құрамы былай делінген: “Қалың малдың құрамы былай болып келеді: бас жақсысы-қалыңның ең бағалы бөлігі, қара мал-қалыңның негізгі бөлігі, ілу-күйеудің қалыңдығын алғаш көргендегі берер ақысы (Орынбор жақтың қазақтар ілуді қалыңдық ойнау немесе ұрын келі деп атайды), той мал-ұзату, неке қияр тойларына жұмсалатын мал, той малының көлем қалыңдықтың жасауының құнына тең болуы керек. Өйткені, той малы төленгеннен кейін қалыңдық күйеудің әйелі болып саналады, алда-жалда осыдан кейін күйеу өліп қалса, қыз оның жесірі ретінде қайын жұртына жөнелтіледі” [5, 32б.]. Кейбір мұрағат құжаттарында нақты қалыңмалдың жүзеге асуын былай белгілеп көрсететін жағдайларды кездестіреміз: “XIX ғасырдың 20-жылдарына жататынархив документтерінде қалыңмал мөлшері,оның құрамы жайында құнды деректер сақталған. Онда Басентин елінің Ақжан дейтін қызы үшін оның әкесі Досбол құдасы Бура-Найман Мырзабековтен қалыңмал ретінде 1 қыз жетім, 1 бесті ат, 2 алты жасар ат, 2 он жасар ат, 5 қой (25 қозылы қой, 10 тоқты) 2 құлынды бие, 7 тай және 1 түйе (3 байтал, 2 құана үшін), 2 кесек киіз, 2 кілем, 2 шапан (қамқа және жібек), тақия, орамал және әр түрлі маталар мен 1 тоқтылы қой (өлі тірі үшін алған)” [6, 205б.]. Қалың малдың қазақ әдет құқығы жүйесінде ең төменгі мөлшері де белгіленген. И.А. Козловтың ойы бойынша, оның төменгі мөлшері мынандай: “Ең төменгі қалың мал 16-жылқы, 2 түйеден тұрады (түйенің жасы есепке алынбайды), алайда жалқылардың ішінде міндетті түрде құлынды биелер болуы керек, яки құлындардың есебінен жылқы басы 20-жетуі шарт” [7, 30б.].

Міне, осындай қалыңмал төленгеннен кейін ғана, екінші жақ қыздың жасауын әзірлейді. Жасау беру неке шартындағы тағы бір құқықтық міндетті тудыратын шараның бірі болып табылады. Қалыңмалы түгел төленген кезде, жасауын деңгейінде беруге ұмтылады. Жасау мәселесі әр түрлі жағдайда, яғни тараптардың мүмкіндігіне байланысты шешіліп отырған. “Күйеудің әкесі қалыңмалын төлеуге қандай міндетті болса, қалыңдықтың әкесі қызына жасау беруге сондай борышты. Жасаудың көлемі жайында ешқандай келісім-шартболмайды. Қалыңдықтың әкесі қалың малдың ауқымына қарай жасау әзірлетеді. Орташа тұрмысты және жарлы адамдар көбіне қалың малдан кем жасау береді, өйткені олар үшін қызын күйеуге беру-жағдайын түзеп, тұрмысын

бүтіндеудің бір жолы. Ал енді 77 бастан артық қалың мал алған бай адамдар қызының жасауының қалың малынан асырып жасамаса, кем жасамайды.

Мал мен ақшадан тұратын қалың малдан жасаудың айырмашылығы-оның негізіні киім-кешек, көрпе-жастық, кілем-төсеніш, үй жабдықтары, киіз үй құрайды. Малдан тек қыз мінетін ат пен жасау артатын түйе болады. Қазақтың ескілікті салты бойынша, сәукеле мен қымбат әшекейден басқа қыз киімі түгел тоғыздан берілген. Қазір ол дәстүр көп сақталмайды, әркім қал-қадірінше тірлік қылады, мәселен байлар әр киімді 40-тан берсе, кедейлер бір-бірден бергенді місе тұтады, күллі жасауын түгендеуге олардың әл-ауқаты жетпейді” [1, 5-6 бб.].

Қазақ ішінде неке шарты кейбір жағдайда бұзылып та жататын. Неке шартының бұзылуы, яғни ажырасудың көрініс болып табылады. “Қазақтардың тұрмысында ажырасу өте сирек кездесетін жәйт. Тегінде қазақтар отбасының бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Әсіресе әйелдерге талап күшті. Әйелдердің ажырасу жөнінде ниет білдіруге құқы жоқ. Ол тек еркектердің еркіндегі іс. Әйткенмен ерекектер де жөн-жосықсыз әйелін тасмайды. Көбіне-көп әйелінің мінезі шайпау, жеңілтек, өзі салдыр-салақ болғандықтан ажырасады. Еркек әйелімен ажырасуы үшін ешкімнің алдына барып жүгінбейді, тек бір күннің ішінде әйеліне үш мәрте “сен талақ” деп айтса болағаны. Егер күйеуі әйелін талақ тастамай, екі жақ өзара келісімге келіп ажырасса, 3 ай 10 күн өткеннен кейін қайта жарасуларына болады. Тек некелерін қайта қидыруға тиіс.

Сондай-ақ, еркек әйеліне бір немесе екі рет қана “талақ” айтса, онда қайта қосылуларына болады. Ол үшін талақ болған әйел сырт көз үшін басқа біреумен некелесіп, үш күн бірге тұруы керек, бірақ онымен ерлі-зайыптылық қатынас жасамайды. Үш күн өткеннен кейін әйел жалған күйеуінен талақхат алып ажырасады да, бұрынғы күйеуімен қайта некелеседі. Ал, егер еркек әйеліне үш мәрте талақ айтса, онда екеуінің қайта қосылуына еш еркі жоқ” [8, 13б.]. Ажырасу да жеке құқықтық салдарды тудыратын жағдай екендігі белгілі.

1. Біз жоғарыда қалыңмал мәселесін айтып отырғанда, қалыңмал төлеу қызға ұрын баруға жол ашатын шарт екендігін айтқан жоқ болатынбыз. Қалыңмал төленгеннен кейін ғана, жігітке қыз ауылына баруға жол ашылылады, яғни осы жағынан жігіт белгілі бір құқықтарға ие болады. Ол былай жүзеге асырылады: “Қалың мал түгел төленіп біткен соң күйеудің қыз ауылына келуіне жол ашылады. Әйткенмен де алғашқы ұрын келудің жүгі ауыр, күйеу сайдың тасындай жігіттерден таңдап нөкер сайлап, ауылдың бір сыйлы ақсақалын алдыға салып қалыңдығының ауылына аттанады. Қайын жұртына көрші отырған ауылға ат басын тіреп, қайын атасына хабаршы жібереді. Күйеуден хабар алған қыз ауылы дереу күйеуді күтіп алудың қамына кіріседі. Ең әуелі оқшаулау жерге күйеуге арналып үй тігіледі. Сосын күйеуге хабаршылар жіберіледі. Күйеуге бірінші жеткен хабаршы “шауып келді” аталатын сүйінші сыйын алады. Содан кейін күйеуді қаумалаған күллі нөкер, хабаршылар жігітке тігілген оңаша үйге беттейді. Бұл кезде отаудың алдында сол киіз үйді тіккен, “шатыр байғазы” алудан дәмелді қыз – келіншектер қаздай тізіліп тұрады” [1, 9б.]. Міне, қарап отыратын болсақ, неке саласындағы келісім-шарттар өзінің көп қырлығымен ерекшеленеді. Неке және отбасы қатынастарындағы келісім-шарттардың толық сақталмауы, қазақ ішінде бітпес даудың бірі, жесір дауына әкеліп соғады. Қалың малын төлеп, қызды айттырып қойған кезде де дау туып жатады. Кейбір жағдайда қалыңмал өтеп қойғанда да, қыздардың қашып кетіп, ел арасында дау тудырып жататын жағдайлары да болады. Ойымызды қорыта келгенде, айтарымыз, неке және отбасы қатынастарынан келісім-шарттың бірнеше түрі қалыптасып, олар өзара байланыста жалғасып жатады.

1 Маковецкий П. Қазақтардың заң орына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалар / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 4-14 бб.

2 Өсеров Н.Н. Қазақтардың дәстүрлі неке және отбасы құқықтары (Қазақ әдет-ғұрып материалдары бойынша): заң ғыл. канд. дис. автореф: 12.00.01. - Алматы, 2002. - 19 б.

3 Қазиев О. Көшпелі қазақ өркениетіндегі әйел құқығының мәртбесі (XVIII-XX ғғ. бас кезеңі): заң ғыл. канд. дис. автореф: 12.00.01. - Алматы, 2005. - 29 б.

4 Д. Андре. Қазақтардың ордасында заң есебінде жүретін дәстүрлер / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 29-31 бб.

5 Баллюзек Л. Қазақ некесінің ерекшеліктері / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 16-23 бб.

6 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы: Қайнар, 1996. – 288 б.

7 Козлов И.А. Қазақтардың дәстүрлік заңдары / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 32-35 бб.

8 Левшин А.И. Дәстүрлер / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 26-28 бб.

В данной статье рассматриваются формы и виды договоров возникающие от семейно - брачных отношений в традиционном обществе казахов.

This article discusses the forms and contracts arising from the family - marriage in the traditional society of the Kazakhs.

Ж.Т. Сапина

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

Предпринимательство играет важную роль в развитии экономики любой страны, и от того, насколько упорядочено правовое регулирование предпринимательской деятельности в государстве, зависит благополучие всего народа. Законодательство Республики Казахстан в части регулирования предпринимательской деятельности находится в постоянной динамике, так как динамично развивается сама жизнь, появляются все новые виды предпринимательской деятельности. Основной задачей современного права является задача быть в соответствии с требованиями текущего дня.

Сегодня Республика Казахстан переживает новый виток развития своей экономики. Повсеместно внедряются инновационные технологии, привлекается иностранный капитал, растет интерес населения к частному бизнесу как способу борьбы с безработицей. И это право закреплено в Конституции Республики Казахстан. Так, ч. 4 ст. 26 Конституции гласит: «Каждый имеет право на свободу предпринимательской деятельности, свободное использование своего имущества для любой законной предпринимательской деятельности» [1].

Предпринимательство представляет собой одну из сфер человеческой деятельности, тогда как предпринимательская деятельность – это совокупность действий по организации и осуществлению предпринимательства. Предпосылками развития предпринимательства являются объективные экономические законы, опосредующие товарно-денежные отношения, экономические закономерности стабильного развития экономики страны, региона [2, с. 40].

Предпринимательство – это инициативная деятельность граждан и юридических лиц, независимо от формы собственности, направленная на получение прибыли путем удовлетворения спроса на товары (работы, услуги), основанная на праве частной собственности (частное предпринимательство) либо на праве хозяйственного ведения или оперативного управления государственного предприятия (государственное предпринимательство). Предпринимательская деятельность осуществляется от имени, за риск и под имущественную ответственность предпринимателя [3].

Предпринимательство выступает неотъемлемым атрибутом рыночной экономики, самостоятельным субъектом экономических отношений. Сегодня многие стали понимать, что именно предпринимательство двигает развитие производства, рынка, а значит, и общества в целом. Страна процветает благодаря предпринимателям, а предприниматели - благодаря поддержке государства.

На сегодняшний день предпринимательство представляет основное ядро экономики Казахстана. Конечно, существует огромное количество трудностей, но государство всячески старается поддержать развитие бизнеса в стране. Так, в республике постоянно ведется работа по облегчению налогового бремени, предусматриваются различные налоговые льготы, облегчается процесс выдачи разрешительных и иных документов. Также в 2008 году была принята Концепция совершенствования разрешительной системы в Республике Казахстан на 2009-2011 годы. Роль предпринимательства в развитии нашей экономики неоднократно подчеркивает и Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев. Так, в Послании 2011 года народу Казахстана «Построим будущее вместе!» сказано, что к 2020 году «доля малого и среднего бизнеса в ВВП составит 40%» [4]. Малый и средний бизнес на сегодня – основа стабильной экономики. Предпринимательство в сегодняшнем Казахстане, хотя и испытывает значительные трудности, уже свершившийся факт. Оно защищено законом и будет развиваться. И хотя оно у нас находится в зачаточном состоянии, сомнений в том, что бизнес будет ведущей сферой общественного производства, нет. Интерес к бизнесу естествен и оправдан. На наших глазах создается новая экономическая основа общества, появляются люди, стремящиеся сделать собственное дело, желающие не приспособливаться к новым условиям, а жить в них, проявлять инициативу, выражать себя в свободной трудовой деятельности. Этому способствует демократизация общества и хозяйственной деятельности.

Предпринимательство как одна из конкретных форм проявления общественных отношений способствует не только повышению материального и духовного потенциала общества, не только создает благоприятную почву для практической реализации способностей и талантов каждого